

Кенөндіруші кәсіпорындардың шахта және карьер сулары мониторингін және мониторингі деректерінің кадастрын жүргізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕЛЕР

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің 2001 жылғы 31 шілдедегі N 225 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 1640. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2008 жылғы 14 шілдедегі N 187 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2008.07.14 N 187 бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 1-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Кен өндіруші кәсіпорындардың шахта және карьер сулары мониторингін және мониторингі деректерінің кадастрын жүргізу тәртібі туралы Ережелер" Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің 2001 жылғы 31 шілдедегі N 225 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1640 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 40-41, 530-құжат);

2	)	.	.	.
3	)	.	.	.
4	)	.	.	.
2	.	.	.	.

3. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Мыңбаев

Қазақстан Республикасы табиғи Қазақстан Республикасы ресурстар және қоршаған ортаны энергетика және минералдық қорғау Министрлігінің су

ресурстары ресурстар Министрлігінің Геология жөніндегі Комитеті төрағасының және жер қойнауын орынбасарымен қорғау Комитетінің Бұйрығымен 30 шілде 2001 жылы 31 шілде 2001 жылғы N 225 келісілген бекітілген Кенөндіруші кәсіпорындардың шахта және карьер сулары мониторингін және мониторингі деректерінің кадастрын жүргізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕЛЕР 1. Жалпы мәліметтер.

1. Кенөндіруші кәсіпорындардың шахта және карьер сулары мониторингін және мониторингі деректерінің кадастрын жүргізу тәртібі туралы ережелер: "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" U962828_ Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 106 P970106_ "Қазақстан Республикасындағы жер қойнауы мемлекеттік мониторингі қағидасын бекіту" туралы қаулысына, 1999 жылғы 21 маусымдағы N 1019 P991019_ "Қазақстан Республикасында пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кезіндегі жер қойнауын қорғаудың бірыңғай Ережелерінің және 1995 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің N 75 P950075_ қаулысымен бекітілген "Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібіне" сәйкес әзірленген.

Осы Ережелер кенөндіруші кәсіпорындардың шахта және карьер сулары мониторингінің және мониторингі деректерінің кадастрын жүргізу тәртібін анықтайды (әрі қарай кадастр деп аталады).

2. Шахта және карьер сулары мониторингісі жергілікті мониторингке жатады, оның мақсаты мемлекеттік жер қойнауы қорын, жер асты суларын қоса, ұтымды пайдалануды информациялық қамтамасыз ету, сонымен қатар жер қойнауын пайдалануды басқару мен жер қойнауын қорғау болып саналады.

3. Кадастр жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғаудың Республикалық және аймақтық бағдарламаларын қамтамасыз ету мақсатында, энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің жер қойнауын пайдаланушылардың тапсырған шахталардағы және карьердегі жер асты сулары мониторингісінің мәліметтері бойынша жүргізіледі.

4. Кадастр жедел ақпаратты алудың, жер қойнауын қорғау туралы шешім қабылдаудың, шахталардан су шығару жағдайына және кен өндіретін мекемелердің объектілерінде жер асты суларының мониторингісіне жоспарлы бақылауды жүргізудің негізгі құжаты болып табылады.

5. Кадастрдегі мәліметтер жер қойнауы жөніндегі бірыңғай цифрлық ақпараттық жүйеге енгізіледі (көрсеткіштер банкі) және мемлекеттік мониторингісінің құрама бөлігі болып табылады.

6. Есепке алуға шахта мен карьерлердің суын тысқа ағызатын кен өндіруші мекемелер ж а т а д ы .

2. Кенөндіруші кәсіпорындарының шахта және карьер сулары мониторингі

7. Мамандандырылған ұйымдармен әзірленген және белгіленген тәртіппен жер қойнауын қорғау және пайдалану өкілетті органымен келісілген, мақұлданған экологиялық сараптама қорытындысы бар, шахталық (карьерлік) сулардың мониторингісі кен орнын игеру жобаның құрамдас бөлігі болып с а н а л а д ы .

8. Жобаға жер асты сулары мониторингісінің үш кезеңі кіреді:

I-кезең: объектіні зерделеуді бағалау, бақылау торабын құру және бақылау бағдарламасын әзірлеу;

II-кезең: объектінің жағдайын бақылау туралы жұмыстарды тұрақты өткізу;

III-кезең: көрсеткіштерді өңдеу, су объектісінің жағдайын өткен кезең және соңғы жылғы байқаулар арқылы бағалау және олардың өзгерістері туралы болжамды дайындау. 9. Бірінші кезең объектіні зерделеуді бағалау, бақылау торабын құру және бақылау бағдарламасын әзірлеуден басталады. 10. Су объектісін Елдің мемлекеттік біртұтас қорына енгізу мен жер асты суларының мониторингісін жүргізудің міндеттері келесі мәліметтерді қамтитын масштабты 1: 200000 гидрогеологиялық түсірімге сәйкес келетін осы су объектісінің жалпылай тексерісі болып табылады: жер асты суларының жатқан тереңдігі (жер асты-жарықшақ сулар үшін) және су сыйдыратын жыныстардың қалыңдығы (сулы қабаттар мен кешендер үшін); жер асты суларының су алысу жағдайы және қорғалуы; жер асты суларының деңгейі мен пьезометрлік беті; физикалық, химиялық қасиеттері және микробиологиялық көрсеткіштері; динамикалық деңгейдің тереңдігі; әсер ету өресі; шахтадан су шығарудың өнімділігі; шахтаға жер асты суларының құйылуы; жер асты суларын пайдалану.

11. Мониторинг жүргізудің бағдарламасын әзірлеуге жер асты суларының химиялық құрамының режимін, жер асты сулары ресурсын және балансын, деңгей жағдайын бақылау әдістері жатады.

12. Байқағыш торабын арнайы жабдықтандырылған гидрогеологиялық (жүргілік) ұңғымалар, өзендердегі, су қойнауларындағы және ағызылған суларды жинағыштардағы, қалдықтар қоймаларындағы, өнеркәсіптік алаңшақтардағы су өлшегіш қадағалау орындары құрады. Су өлшеуіш қадағалау орындары сужиғыштарда, сорғыш станцияларында (дренаждық шахталардың бойында, карьерлердің зумпфында) жабдықтандырылады.

13. Бақылау ұңғымалары жер асты суларының жылжу-жолдарын арнайы талдау арқылы тапқан негізгі ағыс таспаларында орналастырылады, ал шашырау белдемдерінде бақылау ұңғымаларының алаңдық жүйелерінде ластаушы заттардың негізгі көшу жолы бойында және айналасында орналасады. Негізгі

бақылау тұстамалары ластану көздерінен таралған жер асты су жолдары бойында орналасып, қорғалатын объектіде тұйықталынады. Бақылау пункттерін орналастырғанда жер асты суларының қалыптасуының көп түрлі шарттары мен факторларының өзара байланыстылығы және олардың қарым қатынастығы, кен орындарының, сулы қабаттардың (комплексстердің) және бассейндердің динамикасы ескеріледі.

14. Режимдік бақылау торын құру алдында жер асты сулары мониторингінің масштабы 1:25000 немесе 1:50000 картографиялық негізі дайындалады. Жер асты суларын табиғи ластанудан сақтау жағдайының гидрогеологиялық картасы, шахталық немесе карьерлік сушығару алаңқайы бақылау торлары орналасқан жерлерді көрсететін гидрохимиялық карталар жасалады.

15. Бақылаулардың мазмұны мен әдістемесі тау кен жоталарын құрғату қарқыны мен барлық бұзылған гидродинамикалық жүргі алаңдарында, жер асты суларының деңгейлері жағдайына, құрғатудың (немесе су басудың) қоршаған ортаға әсеріне баға беру туралы сенімді мәліметтерді алуды қамтамасыз етуі қажет.

16. Жер асты сулары мониторингісінің екінші кезеңінде, су объектілерінің жай-күйін ұдайы бақылау жұмыстары бойынша режимдік бақылау бағдарламасына сәйкес, сушығару шама-шарттарын өлшеулері және режимдік ұңғымалардың деңгейлерін жер асты суларын химиялық құрамын микроқұрамдастарының мөлшерін анықтау үшін сынамалар алу жүргізіледі.

17. Үшінші кезеңде (жер асты суларының деңгейлік және температуралық режимі, химиялық құрамын табиғи және бұзылған режимдердегі микроқұрамдастарының мөлшері туралы ақпаратты жинақтау) деңгейдің және микроқұрамдастардың химиялық құрамы мен мөлшерінің өзгеруінің болжамдарын жасау туралы жер асты сулары мониторингінің ақпараттық базасын құру жасалады.

18. Мониторинг жүргізгенде міндетті түрде негізгі және бақылау шаралары бар көрсеткіштермен сипаттамалар (динамикалық деңгейдің тереңдіктері, су алу ғимараттарының өнімділігі немесе құрамдастар шоғырлары химиялық құрамының берілген шектері) топтары белгіленеді.

19. Жер асты сулары ресурстарының табиғи қалыптасу жағдайларының өзгерушілігіне және ескерілетін су объектілері шекараларындағы техногендік әсерлер ықпалына қадағалау, тұтынылатын барланған және болжамдық қорлардың нақтылығын бақылауға және қажет болған жағдайда коррективтер, өзгеріске түскен жағдайларда қорларды санауды жүзеге немесе керісінше табиғи өзгерістердің техногендік әсердің келеңсіз зардаптарының алдын алу шараларын ұсынуға мүмкіндік береді.

20. Жер асты суларының жай-күйінің сапалық көрсеткіштерін бақылаудың

мәні, судың жалпы минерализациясының динамикасын, оның температурасын, органолептикалық қасиеттерінің құрамдарын, жалпы химиялық құрамының және жер асты суларына арналған ластанудың нормаланған стандартын қадағалау ж ұ м ы с т а р ы н д а .

21. Мониторинг жүргізудің циклдылығы-жылдық оның шама-шарттарын талдау мен қоса. Циклдылықтың мәні, үшінші кезеңнің аяқталуында өңделген деректердің нәтижелері (бір кезеңнің шеңберінде) объекті бойынша жаңа материалдарды тартуды қажет етеді, бақылау бағдарламаларын дәлдеуге және бақылау торын жетілдіруге.

22. Ұдайы бақылау кезеңі, бұдан ертеде алынған нәтижелерді ескере отырып қ а й т а л а н ы л а д ы .

23. Жинақталып қорытылған мониторингі белгісінің сапасы ретінде төменгі деңгейдегі, тайыз тереңдікте орналасқан қысымды-қысымсыз сулы қабаттардың және грунттық сулардың жыл ішіндегі балансының қалыптасуын көрсететін, сондай-ақ сулардың сапасының нақты көрсеткіштерін осы ауданға тән немесе шекті шоғырларға жуық параметрлермен жағдайларды алу орынды.

24. Бұл жағдайда жыл ішіндегі бақылаулар үш фазаға бөлінеді:
қыс және қыс пен көктем кезеңдердегі жер асты суларының жағдайын бақылау ф а з а с ы ;

жаз бен күз кезеңдердегі жер асты суларының жағдайын бақылау фазасы, бұл мезгілде бірінші фазаның көрсеткіштерін есепке алып жылдық бағдарламаны және бақылау торабын оңтайлау мүмкін болады;

қысқы (қазан-желтоқсан) кезеңіндегі жер асты суларының жағдайын бақылау фазасы, бұл мезгілге жылдық көрсеткіштерді өңдеудің басы және су объектісі жағдайының жыл ішіндегі тенденциясын бекіту кіреді.

25. Су объектісінің жағдайына баға беру және мәліметтерді өңдеу кезеңі цикл сайын қайталанады және оның нәтижесі жыл сайын мониторингтің жаңа циклына п а й д а л а н ы л а д ы .

3. Кадастрды жүргізу тәртібі

26. Кадастрдың информациялық негізін игерудегі кен орнын құрғату жобасын іске асырып отырған кен өндіру кәсіпорнының геологиялық (гидрогеологиялық) қызметі тапқан бақылау өлшеу және талдау қорытындылары қ ұ р а д ы .

27. Шахталық (карьерлік) су кадастры жылдық бақылау циклы қорытындысы бойынша жасалып, бекітілген мазмұны мен қалпында (1-ші қосымша) келесі күнтізбелік жылғы кен өндіру жұмыстарын дамыту жұмыстарының жобасын дәлелдеген материалдармен қоса аумақтық жер қойнауын қорғау және пайдалану

28. Аумақтық (облыстық) жер қойнауын қорғау және пайдалану инспекциялары кадастрлық мәліметтердің сенімділігі мен толықтығын анықтайды, пайдаланушыға анықталған жетіспеушіліктерді және талап етілген мәліметтерді дәлелдеп, оны толықтыруды тілеп нұсқама тапсырады. Аумақтық жер қойнауын қорғау және пайдалану органдарының жобаларында келісті мақсатталған тексерістер объектілерге ескеріледі.

29. Мемлекеттік баланс, геологиялық қорлар, архивтер және геологиялық барлау жұмыстары объектілерін есепке алатын аумақтық басқармаларының бөлімдері шахталық (карьерлік) сулар кадастрларын тіркейді, оларды аумақтық көлемде жүйелеп және қорытылып жинақталған түрде геология және жер қойнауын қорғау Комитетінің гидрогеология, инженерлік геология және жер асты сулары мониторинг басқармасына (қысқаша МЖАСМ және ІГПБ) жіберіледі.

30. Гидрогеология, инженерлік геология және жер асты сулары мониторинг басқармасы гидрогеологиялық және гидрохимиялық алаңдарда суды төмендетуге әсер ететін кеңістікте бұзушылық жағдайын талдамалайды, гидрогеологиялық және гидрохимиялық алаңдардың кеңістіктерінде судың төмендеу бұзушылық әсер жағдайын талдамалайды, гидросфераға зиян болу мүмкіндігін бағалайды және көрсетілген аудандарда мемлекеттік жер асты су мониторингі торын нығайту және дамыту үшін келісті қорытынды қабылдайды.

Үлкен сушаруашылық маңызы бар өзеннің ағымына зиян пайда болған жағдайда, геология және жер қойнауын қорғау Комитетіне, айтылған басқарма арқылы келісті ұсыныс тапсырылуы мүмкін. 31. Геология және жер қойнауын қорғау Комитеті шахталық сулар (карьерлік) Кадастрын Су ресурстары жөніндегі Комитетке мәлімет және Мемлекеттік Су Кадастры объектілері сапасы ретінде тіркеуге жібереді. 32. Су ресурстар жөніндегі Комитет алынған кадастрды әкімшілік - облыстық кескінде тіркеп, іске асырып, пайдалануға өздерінің аумақтық - облыстық және бассейндік басқармаларына жібереді. 1-ші Қосымша Кенөндіруші кәсіпорындарының шахта және карьер сулары мониторингі деректерінің кадастры _____

_____ Кенөндіруші кәсіпорындардың қысқаша сипаттамасы _____

_____ N Кенөнді. Пайда. Қорлар. Қорлар. Кен Шахтаға Жер асты Депрес. Сумол. тәр. руші лы ды бе. дың та. ор. жерасты сулары. сиялық дылы. ті. кәсіп. қазба. кіту баны нын сулары. ның дең. шұңқыр. ғының бі орынның лар АКҚ мен мен тө. құр. ның гейін дың коэф. және кен МКҚ-ның бесінің ғату құйылуы төмен. радиусы фици. пайдалы орны. прото. абсо. тә. м3/ дету м.мына енті қазба. ның колдары. люттік сілі тәул., терең. датаға лар кен. әкім. ның рет

белгі. мен млн. дігі, орнының шілік саны. сі, м. сыз. м3/жыл м.мына аты. Ли. және пайдалы басы датаға цензия геог. қазба. немесе рафия. лар шах. Келісім-лық талық шарттың корр. жерасты рет динат. сулары. саны, тары. ның қор. істе / СЕ. ларының болатын Ш.Ұ./ катего. уақыты риясын бекіт. кен да. тасы, мың. м3/ тәулігі. не, сала бойынша мөлшері _____

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 _____

Шахта

суларының мониторингі _____

Кен орнын Су сыйдыратын Жерасты Кен орнын
Пъезо. Фильтра. Құрғату суландыруға жыныстардың сулары. барлау метр. ция
белдемінің қатысатын қалыңдығы ның жат. кезіндегі лік коэф. әсерінде сулы
кешен. /сулы қабат. қан те. статисти. дең. фици. орналасқан дер, қабат. тар мен
реңдігі калық гей, енті, суқабылда. тар және кешендер /жер деңгей, м. м. ғыш
құры. белдемдердің үшін/м. асты жа. м. /сут. лыстар және қысқаша гео. рықшақ
Кенорнын кен орында. логия-лито. сулар пайдала. рының саны логиялық үшін/м.
ну кезін. мен тізбесі сипаттамасы, дегі дина. олардың лас. микалық танудан сақ.
деңгей,м. тау катего. риясы _____

11 12 13 14 15 16 17 _____

Шахта

суларының мониторингі _____

Дренаждық сулардың Дренаждық суларды
үлестіру, Қадағалау орындарының сапасы млн. м3/ тәулігіне, /постардың/ саны
келісімдеудің датасы Қадағалау ұңғымала. мен рет саны рының /пункттрдін/
саны _____

Кур. Уыттардың Коли. Шек. Ша. Жер Бал. Баль.Кә. Су. Қал. Кенді
лов тізбесі индекс теу. руа. су. ық нео. сіп. дың дық. байыту бой. мен сақтауы (
коли. лі шы. ару өсі. ло. орын. дең. тар және су ынша мг/дм3. титр) рұқ. лық-
үшін ру гия. ның гей. қой. объект. тұз. _____ сат ауыз үшін лық өнді. ін
ма. теріне дық 1-ші 3-ші еті. су мақ. рісін тө. сын. әсер құ. және және ле. ре. сат.
сумен мен. да ететін рам. 2-ші 4-ші тін тін. қа қам. де. белдем. ның қау. қау. нор.
де пай. тама. ту дерде фор. іпті. іпті. ма. су. да. сыз бел. му. лік лік тив. мен лану
ету де. ласы тобы тобы ке қам. үшін үшін мін. және сәй. та. де су. кес ма. дың
суды сыз түр. су. ету лері қой. үшін нау. ына ағы. зу _____

18 19 20 21 22 23 24

25 26 27 28 29 30 _____

Өнеркәсіп алаңындағы Қалдықтар қоймасының

Қадағалау ұңғымалары қадағалау ұңғымалары ауданындағы қадағалау бойынша жер асты бойынша жер асты ұңғымалар бойынша суларының деңгейлері суларының сапасы жер асты суларының сапасы _____

_____ Курлов Уыттардың
Курлов Уыттардың Қалдық. Өнеркәсіп Судның форму. тізбесі формуласы тізбесі тар қой. алаңы деңгейін ласы мен сақтауы бойынша мг/дм³. масында белдемінде төмендету бойынша мг/дм³. тұздық 1-ші,2-ші, белдемін. тұздық 1-ші,2-ші, құрамы 3-ші және де құрамы 3-ші және 4-ші қауіп. 4-ші қауіп. тілік тілік топтары топтары _____

_____ 31 32 33 34 35 36 37 _____

_____ Мамандар: Омарбекова А.Т.
Қ а с ы м б е к о в Б . А .